



ТЕРРОРИЗМ



ТЕРРОРИЗМ



- **Терроризм - [лат. *terror* - қорқыныш, үрей]** - саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану; ұғым XVIII соңында ұлы француз төңкерісі кезінде якобиндықтар жүргізген репрессиялық саясатты атауда қолданылды. "Террор" ұғымы қазіргі әдебиеттерде диктаторлық немесе тоталитарлық жүйелердің өз азаматтарына қатысты күш қолдану және үрей туғызу саясатын сипаттауда қолданылады.

- Терроризм ретінде "әлсіздің" тарапынан болатын (радикалды саяси оппозиция, экстремистік пиғылдағы ұлттық немесе діни азшылық, діни фанатиктер және т.б.) әрекет түсініледі. Терроризм - ұйымдасқан топ діттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Қазіргі жағдайларда террористер аманат алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады.
-

- Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады. 1977 жылы Еуропалық Кеңеске мүше-мемлекеттер терроризммен күрес жөнінде Еуропалық конвенция қабылдады. Терроризм (ең алдымен, көрнекті саяси және қоғам қайраткерлерін өлтіру) тарих ағынына елеулі ықпал етеді, бірақ саяси қайраткерлерге қарсы терактілер өздігінен жалпы адамзатқа аса қауіп төндіре қоймайды.
-



- XX ғ. екінші жартысында жағдай түбегейлі өзгерді, терроризмнің әртүрлі түрлерінің күрт жіктелуі орын алды. Ол өмір сүріп отырған бүкіл саясат тәртіптеріне, институттарға, заңды билік құрылымдарына қарсы жаппай соғысқа айналды. Терроризмнің иррационалдық қыры саясатқа еш қатысы жоқ қарапайым халықты жаппай қырудан көрініс тапты. Нәтижесінде зорлық-зомбылық апаты және вакханалия жер шарының әрбір адамын терактіні ұйымдастырушылардың ақылға қонымсыз идеяларының бұғауында қалдырды. XX ғ. соңында терроризм қазіргі заманның өткір ғаламдық мәселелеріне айналды.
-



- 1960-1970-шы жылдары солшыл экстремистік пиғылдағы Италиядағы "Қызыл бригада" және Германиядағы "Баадер-Майнхоф" сияқты топтардың әрекеттерімен байланысты терроризм толқыны Батыс Еуропаны шарпып өтті. 1990-шы жылдардың басында Ресей қанды террористік зомбылықтың ортасында қалды. Кейіннен оған "ислам" экстремизмі, шешен сепаратизмі қосылды. Антитеррордың әдістері, технологиясы және тиімді стратегиясы отандық және шетелдік арнайы қызметтер күшіне сүйенеді. Саяси мақсаттарын іске асыру үшін өлімді, адамдарды ұрлауға, диверсияны және басқа да басып-жаншу актілерін құрал ретінде көлдану.
-

Әлеуеттік қауіп жағдайында немесе террористік акт жасалғанда, сондай-ақ терроризмге қарсы операция жағдайында азаматтардың іс-қимылына жалпы ұсынымдар

- Күдікті адамдарға, заттарға, кез келген күдікті ұсақ-түйектерге назар аударыңыздар. Барлық күдікті нәрселер туралы құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне хабарлаңыз;
- бейтаныс адамдардан пакеттер мен сөмкелер ешқашан қабылдамаңыздар, өз қолжүктеріңізді қараусыз қалдырмаңыз;
- төтенше жағдайларда отбасының іс-әрекет жоспары болуы тиіс, отбасының барлық мүшелерінде телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайлары болуы қажет;
- шұғыл жағдаяттарда өз отбасыңыздың мүшелерімен кездесе алатын кездесу орнын белгілеу қажет;
- эвакуация жағдайында, өзіңізбен бірге бірінші қажеттіліктегі заттардың жиынтығын және құжаттарды алыңыз;
- үй-жайдан шығатын резервтік шығу орындарының қайда орналасқанын әрқашан біліп жүріңіз;
- лифтіні пайдаланбаңыз;
- қандай жағдай болса да үрейге берілмеңіз.

Террористік сипаттағы қорқыту мазмұндағы хабарламаны телефонмен қабылдау тәртібі

- әңгімені сөзбе-сөз есте сақтап қалуға және оны қағазға жазып алуға тырысыңыз;
- әңгіме барысында телефон соғушының жынысын, жасын және оның сөйлеу ерекшелігін белгілеп алыңыз;
- міндетті түрде дыбыстық фонды белгілеп алыңыз (автомашиналардың немесе теміржол көлігінің шуылы, теле-радиоаппаратура дыбысы, дауыстар, басқалар);
- қоңырау шалу сипатын белгілеңіз - қалалық па немесе халықаралық па;
- міндетті түрде әңгіменің басталуының дәл уақытын және оның ұзақтығын белгілеңіз;
- Өзіңіз шешім қабылдау немесе қандай да бір іс-әрекет жасау үшін телефон соғушыдан барынша көп ықтимал уақыт аралығына қол жеткізуге тырысыңыз;
- әңгіме туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлаңыз;
- әңгіме фактісі және оның мазмұны туралы хабарды таратпаңыз;
- ақпаратқа ие адамдардың санын барынша шектеңіз;
- нөмірді автоматты түрде анықтау (НАА) мүмкіндігі бар болғанда анықталған телефон нөмірін дәптерге жазып алыңыз, бұл оны кездейсоқ жоғалтып алуды болдырмауға мүмкіндік береді;
- дыбысты жазып алуға тырысыңыз.

Қоңырау шалушының сөйлеу ерекшелігін белгілеңіз

- Даусы: қатты/жай, төмен/жоғары.
- Сөйлеуі: анық, бұрмаланған, кекештенумен, шолжың, акцентпен немесе диалектімен.
- Сөйлеу қарқыны: тез / жай.
- Сөйлеу мәнері: әдепсіз, келемеждеумен, балағат сөздермен.
- Әңгіме барысында келесі сұрақтарға жауап алуға тырысыңыз:
- Бұл адам қайда, кімге, қандай телефонмен қоңырау шалып тұр?
- Ол қандай нақты талаптар қояды?
- Талаптарды жеке өзі қоя ма, делдал рөлінде ме немесе қандай да бір адамдар тобын танытып білдіре ме?
- Ол немесе олар ойластырған әрекеттерінен қандай шарттарда бас тартуға келіседі?
- Онымен қалай және қашан байланысуға болады?
- Бұл қоңырау шалу туралы Сіз кімге хабарлай аласыз немесе хабарлауға тиіссіз?

Жарылғыш құрылғы болып шығуы мүмкін күдікті затты табу

- Соңғы уақытта азаматтардың жарылғыш құрылғы болып шығуы мүмкін күдікті заттарды табу жағдайлары жиі анықталуда. Мұндай заттарды көлікте, саты алаңшаларында, пәтер есіктерінің жанында, мекемелерде және қоғамдық орындарында табады.
- Олар табылған кезде адам өзін қалай ұстау керек және қандай іс-әрекет жасауы қажет?
- Егер сіздің пікіріңізше табылған зат бұл жерде болмау керек болса, бұл фактіні назар аударусыз қалдырмаңыз.
- Егер сіз қоғамдық көлікте ұмыт қалған немесе иесіз затты тапсаңыз, жанындағы адамдардан сұрап шығыңыз. Оның кімдікі және оны кім қалдыруы мүмкін екенін анықтауға тырысыңыз. Егер қожайыны анықталмаса, табылған зат туралы жүргізушіге (машиниске) дереу хабарлаңыз.
- Егер сіз белгісіз затты өз үйіңіздің кіре берісінде тапсаңыз, көршілерден сұраңыз, мүмкін ол көршілерге тиесілі болар. Егер иесі анықталмаса – дереу полицияның тірек пунктіне хабарлаңыз.
- Егер сіз белгісіз затты мекемеде тапсаңыз, табылған зат туралы дереу әкімшілікке немесе күзетке хабарлаңыз.

Барлық аталған жағдайларда:

- табылған затты ұстамаңыз, жылжытпаңыз, ашпаңыз;
- затты анықтау уақытын белгілеңіз;
- адамдар табылған заттан мейлінше алысырақ кетуі үшін барлық мүмкіндікті жасауға тырысыңыз;
- міндетті түрде жедел-тергеу тобының келуін күтіңіз
- **Есте сақтаңыз:** заттың сыртқы түрімен оның ішкі мазмұны сәйкес келмеуі мүмкін. Жарылғыш құрылғыға бүркеме ретінде кәдімгі тұрмыстық заттар пайдаланылады: сөмкелер, пакеттер, қорапшалар, ойыншықтар және т.б.

Терроризм қаупі немесе терроризм актісі жасалған жағдайда, сондай-ақ терроризмге қарсы операция жүргізу жағдайында эвакуация туралы ақпарат алу

- Билік өкілдерінен немесе құқық қорғау органдарынан эвакуацияның басталуы туралы хабарламаны алғаннан кейін ұстамдылық сақтаңыз және олардың командасын нақты орындаңыз.
- Егер сіз пәтерде болсаңыз, келесі іс-әрекеттерді орындаңыз:
 - жеке құжаттарыңызды, ақша, құндылықтарды алыңыз;
 - электр, су және газ көздерін өшіріңіз;
 - кәрі адамдарды және ауыр науқастарды эвакуациялауға көмектесіңіз;
 - пәтерге кіретін есікті міндетті түрде құлыптап жабыңыз – бұл пәтерді қылмыскерлердің (тонаушылардың) ену ықтималдығынан қорғайды;
 - үрей, байбалам және асығуды болдырмаңыз. Үй-жайды ұйымдасқан күйде қалдырыңыз.
- Қалдырған үй-жайға уәкілетті мемлекеттік не жергілікті атқарушы органдардың жауапты тұлғаларының рұқсатынан кейін ғана оралыңыз.
- Көптеген адамдардың өмірі мен денсаулығы сіздің келісілген іс-әрекетіңіз бен іс-әрекетіңіздің нақтылығына байланысты екені есіңізде болсын.

Кепілге адам алу

- Мән-жайлардың ағымы бойынша қылмыскерлер кез келген адамды кепілге алуы мүмкін. Бұл кезде қылмыскерлер саяси мақсаттарға, құнын төлеуге және т.б. қол жеткізуі мүмкін.
- Барлық жағдайларда сіздің өміріңіз терроршылар үшін сауда-саттық затына айналады.
- Тұтқынға алу алу көлікте, мекемеде, көшеде, пәтерде болу мүмкін.
- Егер сіз кепілге алынсаңыз, келесі іс-қимыл ережесін ұстануды ұсынамыз:
- күтпеген қозғалыс немесе шуыл терроршылардың тарапынан қатал тойтарысқа душар етуі мүмкін. Терроршыларды қару қолдануға арандататын және адамдырдың шығынына әкелетін іс-әрекеттерді жасамаңыз;
- терроршылардың көзді таңу, ауыз кергіш, қолкісен немесе жіп қолдануына дайын болыңыз;
- кемтарлық көруді, жәбірлеу және кемсітуді көтеріңіз, қылмыскерлердің көзіне тура қарамаңыз (күйгелек адам үшін бұл агрессияға белгі), өзіңізді қиқарланып ұстамаңыз;
- қарсылық көрсетуге тырыспаңыз, бандитті қарусыздандыруға немесе кепілге алынғаныңызды айтып, үй-жайдан шығуға тырысып қажетсіз «батырлық» көрсетпеңіз, қарсылық көрсетпеңіз;
- егер сізбен бірге балалар болса, олар үшін қауіпсіз орын табыңыз, оларды кездейсоқ оқтардан жабуға тырысыңыз, мүмкіндігінше олардың жанында болыңыз;
- қажет болған кезде қылмыскерлердің талаптарын орындаңыз, оларға қарсы келмеңіз, айналадағылардың және өзіңіздің өміріңізге қауіп төндірмеңіз, байбаламға және үрейге жол бермеуге тырысыңыз;

- медициналық көмек қажет болған жағдайда, қылмыскерлерді ашуландырмай жайбарақат және қысқа сөйлеңіз, рұқсат алмайынша ешқандай әрекет қылмаңыз;
- мұқият болыңыз, байқатпай қылмыскерлердің белгілерін, олардың ерекше бет әлпетін, киімін, аттарын, лақап аттарын, ықтимал тыртықтар мен дене әшекейлерін, сөйлеу ерекшелігі мен мінез-құлық мәнерін, әңгіме тақырыбын және т.б. есте қалдыруға тырысыңыз;
- егер сізге туыстарыңызбен телефон арқылы сөйлесу мүмкіндігін берсе, өзіңізді ұстаңыз, жылмаңыз, айқайламаңыз, қысқа және мәні бойынша сөйлеңіз;
- күзетшілермен байланыс орнатуға талпынып көріңіз. Оларға сіздің де адам екеніңізді түсіндіріңіз. Оларға өз отбасыңыздың фотосуретін көрсетіңіз. Оларды алдауға тырыспаңыз;
- сіріңкенің, тастың немесе қабырғадағы сызықтың көмегімен өткен күндерді белгілей отырып, міндетті түрде уақыттың есебін жүргізіңіз;
- егер сіз қандай да бір үй-жайда бекітулі болсаңыз, онда біреулердің назарын аудартуға тырысыңыз. Бұл үшін терезе әйнегін сындырыңыз және көмекке шақырыңыз, сіріңке болған жағдайда қағазды жағып өрт датчигіне жақын әкелеңіз және т.б.;
- жағдайдың сәтті аяқталатынына сеніміңізді ешқашан жоғалтпаңыз;

Есте сақтаңыз, неғұрлым көп уақыт өткен сайын, соғұрлым Сізде құтқарылуға мүмкіндік көбірек;

- сіздің тұтқынға алынғаныңыз туралы хабарламаны алып, арнайы қызмет іс-әрекетті бастады және сізді босату үшін барлық қажеттілікті жасайды;
- **сіздің мақсатыңыз – тірі қалу!**

Арнайы қызмет сізді босату бойынша терроризмге қарсы операция жүргізу уақытында келесі талаптарды мүлтіксіз сақтаңыз:

- еденде бетіңізді төмен қаратып жатыңыз, басыңызды қолдарыңызбен жабыңыз және қозғалмаңыз;
- Штурм кезінде қылмыскерлер кепілге алынған адамдардың арасына тығылып қалуға тырысады, сондықтан бос жатқан қаруды көрсеңіз қолыңызға алмаңыз;
- ешбір жағдайда арнайы қызмет қызметкерлеріне қарсы немесе олардан қашып жүгірмеңіз, себебі олар сізді қылмыскер деп ойлап қалуы мүмкін;
- егер мүмкіндік болса, қылмыскерлерден, есіктер мен терезелердің ойығынан алысырақ болыңыз.
- Қылмыскерлер сізді кепілге алып өзімен бірге алып жүрсе полиция қызметкері қолдарын бастарына көтеруді бұйырған кезде сізде көтеріңіз. Полиция қызметкерлерінің бұйрығын қалт еткізбей орындаңыз.

- Егер сіз **жарылыс кезінде** зардап шекпесеңіз, ал жаныңызда зардап шеккендер болса, олардың жағдайын бағалаңыз: тамыры соға ма, адам есін біле ме. Еш уақытта мүсәтірдің көмегімен оның есін жидыруға тырыспаңыз. Естен тану – организмнің сыртқы әсерден қорғану реакциясы.
- Егер зардап шеккен адамның сынған жерлері болмаса (сүйектерін мұқият ұстап көріңіз), оны қапталына жатқызыңыз. Арқасымен жатса ол құсығына шашалып қалуы, ішімен жатса – тұншығып қалуы мүмкін. Артериядан қан кету кезінде (қан алқызыл, бұрқылдап ағады) жараны мүмкіндігінше тезірек саусақпен басу керек, одан кейін жарадан жоғарырақ жерді белдікпен, жіппен, белбеумен таңу қажет.
- Ғимарат конструкциясының сынықтарының астында қалу кезіндегі іс-қимыл:
- Дауыспен және тарсылмен адамдардың назарын аудартуға тырысыңыз. Егер сіз ғимарат сынықтарының астында тереңде болсаңыз, сізді жаңғырық пеленгатормен табу үшін, кез келген металл затты (сақина, кілттер және т.б.) оңға-солға қозғалтыңыз.
- егер сіздің жаныңыздағы кеңістік біршама бос болса, оттықты жақпаңыз. Оттекті сақтаңыз.
- жаңадан опырылуды болдырмауға тырысып абайлап жылжыңыз, сырттан келген ауаның қозғалысы бойынша бағдарлаңыз. Егер сізде мүмкіндік болса, қол асты заттардың көмегімен (тақтайлар, кірпіштер және т.б.) төбені опырылудан бекітіңіз және көмек күтіңіз. Қатты шөлдеген жағдайда аузыңызға кішкене тасты салып, мұрныңызбен тыныс ала отырып сориңыз.

Жарылыс қаупі бар екені туралы келесі белгілер бойынша пайымдауға болады:

- машинада, үйге кіре берісте, үйдің ауласында белгісіз бөлшек (жарылғыш құрылғы сыра құтысына, темекі қорабына, ойыншықта, бөтелкеде жасырылып бүркемеленуі мүмкін, құбыр кесіндісінде, сүт пакетінде, кез келген түйіншек немесе жәшікте болуы мүмкін).
- бұл жерлерге тән емес түрлі материалдардың қалдығы;
- сым, жіп тартылған;
- машинаның астынан сымдар немесе оқшаулағыш таспа салбырап тұр;
- әйнектерде, есіктерде және басқа заттарда жаңадан түскен сызаттар және балшық;
- ешуақытта болмаған бейтаныс иіс - мысалы, сорпа дәмдеуішінің (кейбір жарылғыш заттардың осындай иісі болады);
- бұрын болмаған, жаңадан қазылған немесе кепкен жердің ерекшеленген учаскелері;
- сіздің пәтеріңіздің жанында, бұл туралы сіз білмейтін, жаңадан жүргізілген жөндеу жұмыстарының ізі (бояу, сылақ және т.б.);
- сіздің автомобиліңізге, үйіңізге, пәтеріңізге жақын табылған бөтен сөмке, портфель, қорап немесе басқа зат.
- Әсіресе көлік объектілерінде, мәдени - ойын-сауық, спорт және сауда орталықтарында болғанда өзіңіздің айналаңызда жағдайды әрқашан бақылаңыз.
- Дайындалып жатқан теракт туралы кездейсоқ білсеңіз, бұл туралы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз.

Терроризм - бұрынғы заманнан келе жатқан адам түршігерлік жиіркенішті іс. Уақыт өткен сайын оның масштабы мен әдістері көбейіп келеді. Егер сіз дін ұстанатын адам болсаңыз есте сақтаңыз, терроризм ешбір дінде құпталмайтын іс-әрекет. Адамдарға жалған діни ақпарат берумен басқа адамдарға айдап салып отырған қылмыскерлер бар. Олардың ойы тек бас пайдасы ғана. Сол себепті егер діни білім алғыңыз келсе білімді арнайы орындардан (мешіт, медресе, шіркеу, ғибадатхана және т.б.) ғана алыңыз. ҚР рұқсат етілген кітаптарды, журналдарды ғана оқыңыз, таныстарыңызға да ескертіп айтыңыз. Барлық қылмыскер – дін ұстану мүмкін, бірақ – барлық дін ұстанушы қылмыскер емес. Сондықтан дін ұстанатын адамдарға жаман қарамаңыздар, оларға айып тағудан аулақ болыңыздар. Ол ҚР ата заңымен қорғалады. Сіздің дұрыс жеткізген ақпаратыңыз көптеген адамның өмірін құтқаруға себепші болуы мүмкін. Сондықтан айтылған ұсыныстарды естеріңізде мықтап сақтап алыңыздар. Терроризмнен бірге сақтанайық!

